

**2022 жылғы Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің жанындағы 8D073 Сәулет және құрылыс
(6D072900-Құрылыс, 6D073000 Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және
құрастылымдарын өндіру) кадрларды даярлау бағыты бойынша
Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (қазіргі: Ғылым және жоғары білім министрлігі) Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының 2022 жылдың 11 шілдесіндегі №315 бұйрығы негізінде ашылды. Диссертациялық кеңестің қызмет ету мерзімі - 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы университет ректоры Каримова Бейбіткүл Сарсемханқызының 2022 жылғы 31 тамыздағы №256 –ғж бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бекітілді.

1. Өткізілген отырыстар саны: Барлық өткізілген ДК отырысының саны 2.

Отырысқа диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы қатысты:

1. Бисенов К.А. - т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, төраға
2. Нарманова Р.А. – т.ғ.к., доцент, ғалым хатшы
3. Удербаяев С.С. - т.ғ.д., профессор, төраға орынбасары
4. Нугужинов Ж.С. – т.ғ.д., профессор, кеңес мүшесі
5. Сактаганова Н.А. - PhD, қауымдастырылған профессор, кеңес мүшесі

Кеңестің бірінші отырысы (хаттама №1) 2022 жылдың 11 қазанында өтті. Кеңес мүшелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (қазіргі: Ғылым және жоғары білім министрлігі) Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының 2022 жылдың 11 шілдесіндегі №315 бұйрығымен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде диссертациялық кеңестің ашылуы туралы және Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректоры Каримова Бейбіткүл Сарсемханқызының 2022 жылғы 31 тамыздағы №256 –ғж бұйрығымен тұрақты құрамымен таныстырылды.

Диссертациялық кеңес құрамы Қорқыт Ата атындағы ҚУ-нің «Диссертациялық кеңесі туралы Ереже», «Этикалық комиссия туралы Ереже», этикалық комиссияның құрамы туралы бұйрықтармен, PhD докторы дәрежесін ізденушіге арналған жадынамамен, «Антиплагиат ЖОО» (интернет нұсқасы) оқу және ғылыми жұмыстарында мәтіндік түрнұсқалықты анықтауға арналған бағдарламалық жүйемен таныстырылды.

Ізденушілердің 2022 жылға арналған диссертацияларын қорғау жоспары талқыланды.

2-ші диссертациялық кеңес отырысы 2022 жылғы 13 желтоқсанда өткізілді (№2 хаттама). 2022 жылға жоспарланған ізденушілердің диссертацияларын қорғауды ұйымдастырудың негізгі мәселелері және орындалмау себептері талқыланды. Докторант Айжан Өткелбаева бойынша жоспарланған қорғау өткен жоқ, себебі ізденушінің бала күтіміне байланысты демалыста болуы кафедрада алдын ала қорғаудан өтуге және диссертациялық кеңеске тапсыру үшін құжаттарын дайындауға мүмкіндік бермеді.

2023 жылға арналған PhD докторы дәрежесін алуға арналған диссертацияларды қорғау жоспары және 2022 жылғы жұмыс туралы есеп қаралды.

Есепті кезеңде докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысы өткізілген жоқ.

2. Диссертациялық кеңес мүшелерінің диссертациялық кеңес отырысының жартысына қатыспағандарының аты-жөні – жоқ.

3. Докторанттардың оқу орнындары көрсетілген тізімі


№	Докторанттың аты-жөні	Оқу орны	Шифр, мамандық	Жоспарланған қорғау күні
1	Уткелбаева А.О	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Сәуір, 2023ж.
2	Алибеков Н.Б.	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D072900 –Құрылыс	Мамыр, 2023ж.
3	Каршыгаев Р.О.	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Желтоқсан, 2023ж.

2023 жылы 3 ізденушінің диссертациясын қорғау жоспарлануда. Осы уақытқа дейін докторанттардың қорғауға шығуына халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақаланы индекстеуге қойылатын талаптардың өзгеруі кедергі болды. Мысалы, JCR деректері бойынша импакт-факторы немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль көрсеткіші бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 мақаланың болуы.

6.Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.


Диссертациялық жұмыстарды дайындаудың сапасын жетілдіру үшін ұсынылады: -8D073 Сәулет және құрылыс бағыты бойынша кадрларды даярлау үшін ғылыми жұмыстардың тақырыптарын алдын ала өндіріс орындарының тәжірибелі және білікті мамандарымен талқылай отырып, ұсынылған ғылыми бағытты зерделеу және негіздеу. Ұсыныстың нәтижесі болып ғылыми кадрларды дайындаудың сапасын жоғарылату және зерттеу нәтижесін ендірудің тиімділігін арттыру болып табылады.

Диссертациялық кеңестің төрағасы



Бисенов К.А.

Диссертациялық кеңестің ғылым-хатшысы



Нарманова Р.А.

2022 жылғы « 22 »

